

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

«Мұнай инженериясы» кафедрасы

Ансатбай Асем  
Ақболат Ақылбек  
Әбен Азамат  
Бекбатыр Абзал  
Жақаш Мұратхан

Қарақойын мұнай сақтау қоймасын қайта жаңғырту

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5В070800-Мұнай-газ ісі

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

«Мұнай инженериясы» кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі

\_\_\_\_\_ М.К.Сыздықов

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019ж.

Дипломдық жобаға

**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: «Қарақойын мұнай сақтау қоймасын қайта жаңғырту»

5B070800-Мұнай-газ ісі

Орындағандар: Ансатбай Асем, Ақболат Ақылбек, Әбен Азамат, Бекбатыр  
Абзал, Жақаш Мұратхан

Ғылыми жетекші

MSc., лектор

\_\_\_\_\_ Нусипкожаев А.И.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

«Мұнай инженериясы» кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі

\_\_\_\_\_ М.К.Сыздықов

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Ансамбай Асем, Ақболат Ақылбек, Әбен Азамат, Бекбатыр Абзал, Жақаш Мұратхан

Тақырыбы Қарақойын мұнай сақтау қоймасын қайта жаңғырту

Университет ректорының «17» қазан 2018 ж. № 1167-п бұйрығымен  
бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «6» мамыр 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері дипломдық жоба алдындағы  
жинақталған мәліметтер бойынша

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Техника-технологиялық бөлім;

ә) Арнайы бөлім;

б) Экономикалық бөлім ;

в) Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі;

г) Қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Бас жоспар, Технологиялық сызба, техника-экономикалық  
көрсеткіштер

Ұсынылатын негізгі әдебиет 21 атау

**Дипломдық жобаны (жұмысты) дайындау  
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер қарастырылатын мәселелер тізімі	атауы,	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Техника-технологиялық Бөлім			
Арнайы бөлім			
Экономикалық бөлім			
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі			
Қоршаған ортаны қорғау бөлімі			

**Дипломдық жоба (жұмыс) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға (жұмысқа) қойған қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Техника-технологиялық Бөлім	MSc., лектор, Нусипкожаев А.И.		
Арнайы бөлім	MSc., лектор, Нусипкожаев А.И.		
Экономикалық бөлім	MSc., лектор, Нусипкожаев А.И.		
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	MSc., лектор, Нусипкожаев А.И.		
Қоршаған ортаны қорғау бөлімі	MSc., лектор, Нусипкожаев А.И.		
Норма бақылау	MSc., лектор, Нусипкожаев А.И.		

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_ Нусипкожаев А.И.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы \_\_\_\_\_ Ансатбай Асем,  
 \_\_\_\_\_ Ақболат Ақылбек,  
 \_\_\_\_\_ Әбен Азамат,  
 \_\_\_\_\_ Бекбатыр Абзал,  
 \_\_\_\_\_ Жақаш Мұратхан

Күні " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2019 ж

## **АНДАТПА**

Осы дипломдық жобада Қарақойын мұнай сақтау қоймасының резервуарлық паркті қайта жаңарту мәселелері қарастырылған. Жобада техника технологиялық бөлімдер қарастырылған және жаңартылған. Резервуар паркіде жасалатын күрделі жұмыстарын және беріктіктерін есептеп қарастырдық. Қыс жағдайындағы тасмалдау өзгерістерің қарастырдық.

Экономикалық бөлімінде жөндеу жұмысына еңбек ақыларын күрделі салымдар есептелінді.

Еңбек және қоршаған ортаны қорғау бөлімдерінде мұнай айдау станция қауіпсіз пайдаланудың практикалық және тиімді әдістері келтірілген.

## **АННОТАЦИЯ**

В данном дипломном проекте предусмотрены вопросы реконструкции резервуарного парка Каракоенского нефтеохранилища. В проекте предусмотрены и обновлены технические разделы техники. Мы рассчитывали капитальные работы и прочность, которые будут выполняться в резервуарном парке. Мы рассматривали изменения в переносных условиях.

В экономической части рассчитаны капитальные вложения на ремонт.

В разделах охраны труда и окружающей среды приведены практические и эффективные методы безопасной эксплуатации нефтеперекачивающих станций.

## **ANNOTATION**

In this thesis project provides for the reconstruction of the tank farm Karacharskova of meteogalicia. The project provides and updated technical sections of equipment. We counted capital works and durability which will be carried out in tank farm. We considered changes in portable conditions.

In the economic part of the calculated capital investments for repairs.

Practical and effective methods of safe operation of oil pumping stations are given in the sections of labor and environment protection.

## Мазмұны

	<b>Кіріспе</b>	1
<b>1.</b>	<b>Техника-технологиялық бөлім</b>	2
1.1.	Магистралды құбырөткізгіштердің қысқаша сипаттамасы	2
1.2.	Құмкөл-Қарақойын	2
1.3.	Өндірістік технологиялық сұлбасы	2
1.4.	Резервуарлық парк	3
1.5.	Резервуар жабдықтары	3
1.6.	Технологиялық құбырөткізгіштер	6
1.7.	Құбырөткізгіштің коррозия түрлері	7
1.8.	Басқару және автоматтандыру	8
1.9.	Қысқы уақытта резервуарларды пайдалану	9
1.10.	Қысқы кезеңде резервуарларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды пайдалану	9
<b>2.</b>	<b>Арнайы бөлім</b>	11
2.1.	Қарақойын қоймасындағы құбырөткізгішті беріктілікке есептеу	11
2.2.	Жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған материалдар, жабдықтар және механизмдер	14
2.3.	Сұйыққоймаларды жөндеу кезінде пісірме жұмыстарын орындау	16
2.4.	Резервуарда “Үлкен тыныс алу” жағдайында болатын мұнайдың жоғалуын есептеу	18
2.5.	Резервуарға қар және жел жүктемелерін анықтау	22
2.6.	Төңкеруге арналған резервуарды есептеу және контурлық іргетасқа қысым.	23
2.7.	Қалқымалы шатырды есептеу	28
2.8.	Резервуардың қабырғасының төменгі белдеулерін жөндеу	29
2.9.	Резервуар түбін жөндеу	30
2.10.	Өздігінен жүретін жебелі кран (КС-4362)	31
<b>3.</b>	<b>Экономикалық бөлім</b>	33
3.1.	Күрделі қаражат құйылымдарын есептеу	33
3.2.	Эксплуатациялық шығындар	33
3.2.1.	Еңбек ақыға қатысты есептеулер	34
3.2.2.	Амортизациялық қаражат сомалары	34
3.2.3.	Ағымдағы жөндеу бойынша шығындар	35
3.2.4.	Энергетикалық шығын бағасын есептеу	35
3.2.5.	Тасымалдау шығындары	35
3.3.	Қаржы есептеу көрсеткіштері	35
<b>4.</b>	<b>Еңбекті қорғау бөлімі</b>	38
4.1.	Қауіпсіздік техникасы	38
4.2.	Өндірістік санитария	39
4.3.	Өрт қауіпсіздігі	40
<b>5.</b>	<b>Қоршаған органы қорғау бөлімі</b>	41
5.1.	Атмосфераға тигізілетін әсерге талдау жасау	41

5.2.	Сулы ортаны қорғау	41
5.3.	Жер ресурстарын қорғау	42
	<b>Қорытынды</b>	43
	<b>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі</b>	44

## КІРІСПЕ

Мұнайдың және мұнай өнімдерінің қалыпты және үздіксіз қозғалуын қамтамасыз ету үшін жаңа мұнай қоймаларын салу және қазіргі кезде бар мұнай қоймаларын дамыту қажет болады. Мұнай қоймалары мұнайды және мұнай өнімдерін сақтауға және таратуға арналған.

Мұнай қоймаларындағы мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау және жіберудің өндірістік процестерін жетілдіру тұтынушыларды мұнай өнімдерімен үздіксіз қамтамасыз етуге, олардың шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді, жабдықтарды пайдаланудың сенімділігі мен үнемділігін жоғарлатады.

Мұнай қоймаларының жұмысындағы маңызды міндеті - жаңа техниканы енгізу, өндірістік процестерді кешенді механикалау және автоматтау жылдамдығын шұғыл жоғарылату және осының негізінде – еңбек өнімділігін жоғарылату және өзіндік құнды төмендету болып табылады.

Осы жұмыста қазіргі заманғы жабдықтармен және жаңа технологиямен жабдықталған тарату мұнай қоймасының жобасы ұсынылған.



## 1 Техника - технологиялық бөлім

### 1.1 Қарақойын мұнай сақтау қоймасына қысқаша сипаттамасы

Қарақойын мұнай сақтау қоймасы Қарағанды облысында орналасқан. Қарақойын мұнай сақтау қоймасын «КазТрансОйл» компаниясы басқарады. Сыйымдылығы  $30000\text{м}^3$  болатын резервуар әрқайсысы  $5000\text{м}^3$  тан 6 резервуар бар. Қарақойын мұнай сақтау қоймасы Құмкөл кен орынының мұнайын сақтайды.

### 1.2 Құмкөл-Қарақойын

Қарақойын резервуарлық паркі – мұнай өндіруші Құмкөл кен орнының өнімдерін сақтайды және өңдеуге жібереді.

Мұнай айдау құбырының басты бағыты – Қазақстан мұнайын өңдеу саласындағы Павлодар мен Шымкент шикізат өңдеу зауыттарын жұмысын үздіксіз жүргізу.

Мұнай айдау құбырының алғашқы бөлімі – “Құмкөл” шикізат айдау бекеті, соңғы бөлімі – “Қарақойын” шикізат айдау бекеті, ол 1107км-де Шымкент-Павлодар құбырының аралық бекет есебінде орналастырылған.

“Құмкөл” негізгі мұнай айдау бекеті жоспар бойынша Батыс Қазақстан – Құмкөл құрылысына жатқызылады.


### 1.3 Өндірістік технологиялық сұлбасы

Қарақойын мұнай сақтау қоймасының технологиялық сұлбасы-технологиялық жабдықтарды және процесстердің үзіліссіздігін, мұнай шикізатының тиісті белгіленген МЕСТ қолданылуы бойынша қамтамасыз етіледі. Өндірістің технологиялық сұлбасы келесідей құрылымдардан тұрады:

-  $5000\text{ м}^3$  сыйымдылықты понтоны бар ашық мұнай өнімдерінің сақтауы үшін резервуарларындағы ашық мұнай өнімдерін сақтау тік болаттан жасалған цилиндрлі болады. Резервуарлардың саны - сыйымдылығы –  $30000\text{ м}^3$ -6 дана.

Жобалауға берілген бастапқы дерекке сәйкес келесі технологиялық ғимараттардың құрылысы ескерілген:

- технологиялық құбырлар;



- резервуар паркі;  
- мұнай қабылдау станциялары;  
- мұнай айдау станциялары;  
- электр желілері;  
- басқарудың автоматтандыру жүйелері;

## 1.4 Резервуарлық парк

“Қарақойың” БМАС-сы жұмыс жасауы бойынша Құмкөл-Қарақойың мұнай құбырының сораптық бекеті, ол қабылдайды, сақтайды сонымен қатар айдайды.

«Қарақойың» БМАС-ның процестерінің үздіксіз жұмыс жасауы үшін толық көлемі 30000 м<sup>3</sup> (әрбірі 5000м<sup>3</sup> 6 резервуар) резервуарлық парк тағайындалған.

БМАС-ның жеңіл әрі жылдам қататын мұнайлармен жұмыс жүргізілетін себепті төбесі стационарлы тік резервуарлар пайдаланылады.

Резервуарлық парк көлемі 5000м<sup>3</sup> болатын мұнай қорын сақтауға негізделген алты тік болат цилиндрлі резервуарлардан тұрады.

Резервуарлы саябақтың толық мөлшері 30000 м<sup>3</sup> болып табылады.

Тотығуға жол бермес үшін, қойылған талаптар негізінде, резервуар бетін тотығуға қарсы оқшаулағышпен бекітіледі. Статикалық электрлік зарядтар мен бөгде тоқтардан сақтау үшін резервуарлар жергілікті қондырғыға қосылған.

Резервуар ашық өрт көзінен немесе шок ұшқындарының түсуінен сақтайтын от қорғанышты вентиляциялы трубадан, мұнай өнімдерінің немес автомат қондырғыларының жойылуын төмендететі понтондардан тұрады.

Резервуарды тазалау өте қажет жағдайларда ғана жүзеге асады.

## 1.5 Резервуар жабдықтары

Мұнай резервуарларын өртенбейтін материалдардан - металл немесе темір бетоннан тұрғызады. Кен орынның тауарлық парктерінде жазық немесе конустық жамылғысы бар, сыйымдылығы 1000-5000 м<sup>3</sup> болатын резервуарлар тұрғызылады, резервуарлардың ортасына жамылғы қалқандары (щиттары) тірелетін орталық тірек орнатылады. Резервуарлардың конус тәріздес болып келген төбесі жиналған қардың салмағын, яғни сыртқы күштерді, ұстап қалады, ал резервуар ішінде вакуум пайда болған кезде оған қарсы әсер етеді, және қалыңдығы 2,5 мм-ден аспайтын болат жапырақтардан (листтерден) жасалады[3].


Болаттан жасалған резервуаларды зауытта жасалған элементтер мен дайын рулондық дайындамаларды пайдалана отырып индустриялық құрастыру әдістерін қолданып пісіріп-жабыстыру (сваркілеу) арқылы тұрғызады. Резервуардың корпусы сұйықтың гидростатикалық қысымына шыдайтындай етіп есептелген цилиндрлі қап тәрізді болып келеді[3].

Резервуардың іргесі мен табаны құрылғаннан кейін зауыттан дайын түрде жасалып әкелінген резервуар түбі салынады. Содан соң резервуардың бірінші белбеуі пісіріліп-құрастырыла бастайды. Құрастыру жұмыстары жүргізілген кезде шеңбер ұзындығына және геометриялық пішініне тұрақты бақылау жасалып отырады. Резервуардың бірінші белбеуінің тік қосылған жерін ультрадыбыспен және гамма-сәулелерін түсіріп тексереді[3].

Шикі және тауарлық мұнайды қабылдап алу, сақтау және өткізу шараларын жүргізу үшін резервуарлар арнайы арматуралармен және жабдықтармен жабдықталады. Резервуарлардың жабдықтары мыналарды қамтамасыз етеді[3]:

- резервуарлардың толуын және босауын;
- мұнай деңгейін өлшеуді;
- мұнай сынамасын алуды;
- резервуарлардың тазалануын және жөнделуін;
- мұнайдың тұнуын және тауарлы мұнайдың астындағы судың жойылуын;
- резервуардағы қысымды қауіпсіздік шегінде ұстап тұруды[3].

Жер үстінде орналасқан тік цилиндрлі резервуардағы жабдықтардың орналасу сұлбасы 14.1 суретте көрсетілген.



14.1. Сурет. Жер үстінде орналасқан тік цилиндрлі резервуардағы жабдықтардың орналасу сұлбасы.

1-жарық люгі; 2-гидраули-калық сақтандырғыш клапаны; 3- өрттік сақтандырғыш; 4- тыныс алу клапаны; 5- өлшегіш люк; 6-деңгей көрсеткіші; 7-кіру люгі; 8-сифондық кран; 9-дыбыстық жапқыш (хлопушка); 10-қабылдау - өткізу құбыршасы; 11-кері қосу құрылғысы; 12-дыбыстық жапқышты басқару; 13-лебедка; 14-көтерілмелі құбыр; 15-көтеріл-мелі құбырдың топсасы; 16- роликті блок.

Резервуар төбесіне қабылдау-тарату құбыршасының үстіне жарық люгі 1 орнатылады. Төбесі ашық тұрған кезде ол арқылы резервуар ішіне жарық

өтеді және тазалау немесе жөндеу жұмыстарын жүргізер алдында резервуарды желдетіп ауасын тазартады[3].

Гидравликалық сақтандырғыш клапан 2 тыныс алу клапаны жұмыс істемей қалған кезде резервуардың газ кеңістігіндегі артық қысымды немесе вакуумды шектеуге, сонымен қатар, тыныс алу клапанының қимасы жеткіліксіз болған кезде тез арада газ немесе ауаны шығаруға арналған. Сақтандырушы клапандар тыныс алу клапандарына қарағанда жоғары қысымға және вакуумға есептелген (артық қысым 588 Па және босату қысымы 392Па). Сақтандырушы клапанға гидравликалық тығын (затвор) түзетін қатпайтын, буланбайтын тұтқырлығы аз сұйықтар құяды (глицерин, этиленгликол ерітіндісі және т.б)[3].

Өрттік сақтандырғыш 3 резервуарда тыныс алу және гидравликалық сақтандыру клапандарымен бірге жинақталған түрде тұтас орнатылады, ол гидравликалық және тыныс алу клапандары арқылы резервуардың газ кеңістігіне жалынның кіріп кетпеуін қамтамасыз етеді[3].

Оның жұмыс істеу принципі мынадай: жалын өрттік сақтандырғышқа түсе отырып, қимасы кіші каналдар жүйесінен (кассеталардан) өтеді, нәтижесінде жалын күші жекелеген ұсақ ағындарға ыдырайды да өшіп қалады. Өрттік сақтандырғыштардың негізгі бөлшектері – түсті металдардан жасалған спиралді ленталы кассета[3].

Тыныс алу клапаны 4 резервуарды толтыру және босату кезінде, немесе сыртқы температураның өзгеруі нәтижесінде резервуар ішіндегі қысым шектен асқан кезде немесе вакуум туындаған кезде резервуардың газды кеңістігін автоматты түрде атмосферамен (яғни, сыртқы ортамен) байланыстырады. Ол екі клапаннан тұрады : қысым клапаны және вакуум клапаны[3].

Тыныстау клапаны келесі түрде жұмыс жасайды: резервуар ішіндегі қысым жоғарылаған кезде қысым клапаны көтеріліп, артық газ атмосфераға шығарылады, ал резервуар ішіндегі қысым төмендеген кезде вакуумдық клапаны ашылып, резервуарға ауа кіреді[3].

Қысым клапаны мен вакуум клапаны белгілі бір қысыммен реттеліп отырылады және резервуар ішіндегі қысымның ұлғаюы немесе азаюы белгілі бір шамаға жеткенде ғана ашылады. Тыныс алу клапандарының өлшемдері олардың өткізгіштік қабілеттеріне байланысты таңдап алынады. Тоттанбас үшін тыныс алу клапанының тұлғасы мен клапан отырғызылатын ершігі алюминий қорытпасынан жасалады[3].

Өлшегіш люк 5 резервуардағы мұнай деңгейін және тауарлы мұнай астындағы суды өлшеу үшін, сонымен қатар, сынама алғыш аспаппен мұнайдан сынама алу үшін қызмет етеді. Өлшегіш люктің ішінде бағыттаушы колодка орналасқан, ол арқылы резервуарға лоты бар өлшегіш лентаны түсіруге болады. Колодканы ұшқын шығармас үшін мыс немесе алюминиден жасайды[3].

Резервуардағы мұнай деңгейін өлшеу және мұнай мөлшерін жедел есептеу үшін УДУ деңгей көрсеткішін қолданады . Аспап саңылаусыз қапта орналасқан қалтқыма мен өлшегіш лентадан тұрады. Деңгей өзгерген кезде қалтқыма бағыттауыш арқан арқылы қозғалады, ал өлшеуіш лента болса,

бақылап отыратын аспап қорабындағы блокқа оралады. Аспапқа диспетчерлік пунктке мәлімет беретін (яғни, деңгей көрсеткішін көрсететін) құрылғыны қосуға болады[3].

Кіру люгі 7 (люк-лаз) резервуардың төменгі белдігіне орнатылады және резервуарды тазалау мен жөндеу кезінде резервуар ішіне адамдардың кіруіне, сонымен қатар, осы жұмыстарды жүргізу кезінде оны желдетуге арналған[3].

Сифондық кран 8 резервуардың төменгі жақ бөлігінде жиналған қабат суларын мұнайұстағышқа қарай ағызу үшін сифондық құралды қосу кезінде пайдаланылады[3].

Дыбыстық жапқыш (хлопушка)9 ысырмалардың істен шығуы кезінде немесе құбырлардың апаттық жағдайында мұнайдың резервуардан ағып кетпеуін қамтамасыз етеді. Дыбыстық жапқыштар басқарылатын және басқарылмайтын болып келеді. Резервуарға мұнай құйып жатқан кезде мұнай ағымының қысым күшінен дыбыстық жапқыштың (хлопушканың) қақпағы ашылады, ал мұнай айдауды тоқтатқан кезде дыбыстық жапқыштың қақпағы өзінің салмағы әсерінен орнына қайта түседі де, құбырды жабады. Резервуардан мұнайды ағызған кезде дыбыстық жапқыштың қақпағын арнайы лебедкамен ашады, ал лебедканың өзі айналатын барабаннан және оған оралатын болат арқаннан тұрады[3].

Қабылдау-өткізу құбыршасы 10 резервуарға сұйықты беру және резервуардан сұйықты шығару үшін қолданылады, оған резервуардың ішінен дыбыстық жапқыш (хлопушка) пен көтерілмелі құбырдың топсасы бекітілген. Қабылдау-өткізу құбыршасының диаметрлері айдалатын мұнайдың берілген өнімділігімен анықталады және 150-700 мм аралығында өзгеріп отырады. Қабылдау-өткізу құбыршасының диаметрін таңдау барысында сұйықтың қозғалу жылдамдығы 0,5-2,5 м/с аралығында өзгереді деп қабылдайды[3].

Кері қосу құрылғысы 11 дыбыстық жапқыш (хлопушка) қақпағының екі жағындағы мұнай қысымын теңестіріп отыру үшін қажет, яғни мұнайды резервуардан қабылдау-өткізу құбыршасына қарай кері жібереді. Кері қосу құрылғысы биіктігі 6 метр болатын барлық резервуарларда орнатылады[3].

Көтерілмелі құбыр 14 резервуардың ішінде топсаға (шарнирге) 15 орнатылады, ол қажетті биіктіктен мұнайды алуға арналған және роликті блок 16 арқылы лебедкамен 13 қозғалысқа келтіріледі[3].

Резервуарларды пайдалану кезінде, оларды резервуарда жинақталып қалған мұнайдың «өлі қалдығынан» немесе парафиндік шөгінділерден, сонымен қатар тотығу өнімдерінен, тауарлы мұнай астындағы су мен механикалық қоспалардан аралық тазартуды жүйелі түрде жүргізіп отырады[3].

## 1.6 Технологиялық құбырөткізгіштер

Технологиялық құбырөткізгіштердің үлгісі станция алаңындағы мұнайды сақтау, қабылдау және оны магистралдық құбырына айдауға дайындау операцияларын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Құбырөткізішер жер үстінде және төмен тіректерде орнатылады. Мұнай температурасын сақтау ұстап тұру мақсатында сору құбырөткізгіштері булы-серіктермен бір жылу-айыруда төселеді.

Алюминий жабындысы бар минералдық мақталар жылу-айырғыш ретінде қолданылады.

Мұнай базасының құбыр өткізгіштігінің технологиясы негізделген жүйесі мынадай жұмыстарды жүзеге асыруға болады:


- мұнай шикізаты сақтау резервуарына құйылуын;
- мұнай шикізаттарын резервуарға сораппен берілуі;
- база ішілік ауытқулар.

Құбырөткізгішті желдетіп тұру үшін, құбырөткізгіштің ең жоғарғы нүктелерінде ауа өткізгіш тетіктер, ал төменгі нүктелерінде дренажды қозғалтқыштар қарастырылған. Температураның көрсеткішінің төмендеуі құбырөткізгіштік трассаның біркелкі болмауының салдарынан орындалады.

Технологиялық құбырөткізгіштердің ішінің бетін дайындалуын, монтажын, сынағын және тазалануын ҚНЖЕ 3.05.05-84 «Технологиялық жабдықтар және технологиялық құбырөткізгіштер» бойынша, СН527-80 Технологиялық құрыш құбырөткізгіштерін Ру-дан «10МПа-ға дейін жобалау инструкциясы және ВСН 011-88» Ішін тазалау және сынау бойынша жүзеге асырылады[2].

Технологиялық жабдықтау – монтаждау, тасымалдау сонымен қатар технологиялық жабдықтарының төлқұжаты, техникалық көрсеткіштері және тасымалдануы барысында жүргізілетін амалдарға негізделіп жасалуы тиіс.

## 2.1 Құбырөткізгіштің коррозия түрлері



Коррозия - кәсіпшілік құбырлардың жұмысының сенімділігі және қызмет ету мерзімі – көбінесе олардың сыртқы және ішкі ортамен әсерлесуінің нәтижесінде бірте –бірте өздігінен бұзылуынан қорғау дәрежесімен анықталады[3].

Химиялық коррозия-металл бетінң коррозияға толық ұшырау үрдісі тікелей химиялық агрессивті агенттермен шектесу барысында орын алады, бұл үрдіс электр тогының түзілу процессінсіз болады[3].

Газ коррозиясы металдар химиялық реакцияда қатысып техникалық қасиеттері төмен химиялық заттар пайда болады, оның нәтижесінде детальдардың қатысумен өнеркәсіп аппараттары, пештері бүліне бастайды[3].

Электрохимиялық коррозия – бұл электр тогының пайда болуымен және өтуімен бірге жүретін металдың бұзылу үрдісі. Химиялық коррозиядан ерекшелігі электрохимиялық коррозияда метал бетінде тұтас емес, кейде үлкен тереңдікті қуыс және малюска қабыршағы немесе дақ тәрізді жергілікті зақымданулар пайда болады[3].

Атмосфералық коррозия – бұл жердің жоғарғы бетінде төселген құбырлардың кәдімгі тоттануы және оны құбырдың бетіне лактар немесе майлы бояулар жағып жоюға болады[3].

Топырақтық коррозия - ең қауіптісі және күрес әдісі анағұрлым күрделі және қымбат[3].

Ішкі коррозия –құбырлар қабырғаларының сілтілі немесе қышқыл сұйықтармен шектесуінен пайда болады[3].

## **1.8 Басқару және автоматтандыру**

Мұнай базасының автоматизация және бақылау бөліктеріне келесілер кіргізіледі:

- резервуарлық парк (әрбірінің көлемі  $5000\text{м}^3$  тұратын алты резервуар, понтонмен);

- сорғыш бекеті (сорылмалы немес арынды құбырөткізгіш алты электроқозғалтқышты агрегатты сораптар);

- дренажды көлемі;

- технологиялық құбырөткізгіштік;

Көрсетілген бақылау мен автоматтандыру мыналардың есебінен мұнай базасының технологиялық бөлшектерінің қауіпсіз тасымалдануымен барша кешенді ең төменгі жұмыс және материалдық зардап сонымен бірге технологиялық жабдықтың ұтымды жұмысын қамтамасыз етеді:

- технологиялық бөлімдерден шынайы мәлімет алу;

- автоматикалық режимдегі технологиялық объекттердің жұмыс режимін оптимизациялау;

- өндірілген мұнай автоматтандырылған есебі;

- технологиялық процесс пен жұмыс жабдықтарындағы бақылау, есеп және өзгерістер сигнализациясы;

- белгілі болған төтенше жағдайларды сол мезетте анықтап, оларды жылдам ликвидациялауға мүмкіндік жасау;

- технологиялық жабдықтармен жұмыс істеу мүмкіндіктерін дистанционды басқару (сораптар, қозғалтқыш электросымдары мен резервті пайдалануды автоматтандыру).

## **1.9 Қысқы уақытта резервуарларды пайдалану.**

Қысқы ауысым кезең сайын тұйық учаскелерде коллекторлардың жай-күйін тексереді, парк құбыржолдарындағы оқшаулау және электр жылытудың жай-күйін қарастырады. Арматураның фланецті қосылыстарының жай-күйіне ерекше назар аударады (төсемдерді қысу).

Технологиялық ысырмаларды абайлап ашу, оларды болдырмау үшін сынған жағдайда оны жылыту қажет немесе бумен , ыстық сумен, содан кейін ашамыз. Ысырмаларды, вентильдерді ашу үшін сынықтар мен құбырларды пайдаланады және басқа да тиекті айлабұйымдар тыйым салынады.

Құбырдың қатып қалған учаскесі табылған кезде участкілерді өшіреміз. Қатып қалған құбырларды жылытуға болады тек бумен немесе ыстық сумен ғана, бұл ретте жылытатын участікке жұмыс істеп тұрған жүйеден ажыратылуы тиіс. Қыздыру қажет емес, ашық дренажға ағынның аяқталуы. Құбырларды ашық отпен жылытуға тыйым салынады.

Резервуардың шатырынан қарды жиналуына қарай тазартамыз, қаңқаны қар мен мұздан тазалаймыз.

## **1.10 Қысқы кезеңде резервуарларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды пайдалану**

Резервуарды пайдалану немесе жөндеуде болған кезде биіктік төбесіндегі резервуардың қар жамылғысың артық болмауы тиіс, қабырғалар мен шатырдың металл конструкциялары қамтамасыз етілетін және рұқсат етілетін биіктіке орнатылады.

Қыс мезгілінде резервуарларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін, қыс мезгілінде резервуарларды пайдалану жөніндегі нұсқаулық әзірленуі тиіс, және келесілерді қамтуы қажет :

- Қар жамылғысының рұқсат етілген нормативтік биіктігін есептеу; шекті есептік қарға сәйкес әрбір резервуардың жұмыс жобасында көрсетілген жүктемемен және резервуар орналасқан қар ауданына сәйкес 2.01.07-85\* ҚНЖЕ, сондай-ақ техникалық диагностика нәтижелерін есепке ала отырып, есептік жүктеме көрсетілген резервуарлардың металл конструкцияларының жай-күйіне байланысты;
- Өлшеу жүргізу биіктікте еріген қар жамылғысын көрсете отырып, өлшеу орындары мен тәсілдерінің стационарлық төбедегі қар жамылғысының биіктігін өлшеу журналы 1-қосымшаға сәйкес ресімделген резервуарлар;



- Бөлімді жоюды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі мен тәсілдерің мақсаты стационарлық шатырдан қар жамылғысы биіктігінің рұқсат етілген мәнінен асуына жол бермеу;
- Қар массасының еруін болдырмау бойынша қауіпсіздік шаралары биіктік өлшеу және қардың бір бөлігін жоюды орындайтын қызметкер резервуардың төбесіндегі жабын;
- Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі талаптары көрсетілген.

Резервуарларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу үшін стационарлық шатырды мерзімдік тексеру үшін жауапты тұлғаларды көрсете отырып, әрбір резервуарлық парк үшін қысқы кезеңдегі шатырларды ОМР бас инженері қамтамасыз етеді.

Нұсқауды бас инженері ӨӨТ және бөлімдерінің бастықтарымен келіседі:

- пайдалану бөлімі;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік;
- еңбекті қорғау ;
- өрт қауіпсіздігі қызметтері

Стационарлық шатыры бар резервуарларды пайдалануға дайындау кезінде ОМР бастығы 25 тамызға дейін шатырда қар жамылғысы көлемінің артуын болдырмау жөніндегі резервуарлар РВС (П)", онда жауапты адамдарды тағайындайды және басшылар мен мамандар арасындағы қар жамылғысының биіктігін өлшеуді жүргізуі инженерлік-техникалық қызметкерлердің ОАШР, МАС, СӨДС өткен осы құжаттың, нұсқауларын , нормалар мен ережелердің білімін тексеру қауіпсіз жұмыс жүргізілуі тиіс.

Резервуарды стационарлық шатырдан тексеру кезінде өлшеу қажет , қар жамылғысының биіктігі және оның біркелкілігін бақылау шатырдың беті бойынша бөлуі тиіс. Мерзімділігін және өлшеу орындарына қойылатын талаптар: мерзімділігі қар түрінде жауын-шашын болмаған кезде қар жамылғысының биіктігін өлшеу-1 тәулігіне бір рет, қар түрінде жауын-шашын болған жағдайда-әрбір 2 сағат сайын. ластануын азайту, газдануды бақылау;

## 2 Арнайы бөлім

### 2.1 Қарақойын қоймасындағы құбырөткізгішті беріктілікке есептеу

Қарақойын мұнай сақтау қоймасының құбырөткізгіштігін беріктілікке есептеу мақсаты – құбырөткізгіштің қалыңдығын анықтау және де құбырға әсер ететін күшті анықтау.

Магистралдық құбырөткізгіштер шекті жағдайлар әдісі бойынша есептелінеді. Шекті жағдай деп сол мәнге жеткен кезде есептеліп жатқан құрылыстың қалыпты пайдалануы мүмкін болмайтын жағдайды айтады. Топыраққа төселген құбырөткізгіш үшін ағу шегіне жету жұмысқа жарамдылықты жоғалтуды бермейді. Құбырөткізгіш беріктілік шегіне жеткенге дейін пайдаланылуы мүмкін[9].

Құбырөткізгішке бірнеше күштер әсерінен мынадай кернеулер қарастырады: сақиналық, бойлық, радиалдық.

Радиалдық кернеулер аз болғандықтан есепте қарастырмауға да болады. Құбырөткізгішті беріктілікке есептеуде топырақтан әсер ететін қысымды ескерілмейді, құбырөткізгіштерді жылжытуға қолданылатын жүктемелер (тракторлар, эксаватор және т.б.), құбырөткізгіш идеал шеңбер тәріздес деп қарастырамыз және ойыстығын есепке алмаймыз, себебі ішкі қысым әсерінен тегістеледі. Негізгі әсер етуші күш ішкі қысым есептеледі.

Қабырға қалыңдығының ішкі қысымы кернеуге тәуелді. Қабырға қалыңдығы кернеуге кері пропорция.

Стандартқа сәйкес болатын маркасын 17Г2СФ деп қабылданады, оның сипаттамасы төмендегідей:

$\sigma_b = 600 \text{ МПа}$  - беріктілік шегі,

$\sigma_t = 600 \text{ МПа}$  – ағу шегі.

Техникалық жағдайларға сәйкес мүмкін болатын қабырға қалыңдықтары: 7; 8; 8,5; 9,5; 10.

Құбыр қалыңдығы келесі теңдеумен анықталады:

$$\delta = \frac{n_p \cdot P \cdot D_H}{2(n_p \cdot P + R_1)}, \quad (1)$$

мұндағы  $P$  – құбырөткізгіштегі жұмыстық қысым,  $P = 7$  МПа;  $D_H$  – құбырдың сыртқы диаметрі,  $D_H = 720$  мм;  $n_p$  – жүктелу коэффициенті, 700-1200 мм үшін  $n_p=1,1$ ;  $R_1$  – құбыр металының және дәнекерленген байланыстардың созылуға (сығымдалуға) есептік кедергісі.

$$R_1 = \frac{R_1^H \cdot m_{01}}{K_1 \cdot K_H},$$

мұндағы  $R_1^H$  - созылуға және сығымдалуға нормативтік кедергілер, ең төменгі беріктілік шегі бойынша анықталады ( $\sigma_B$ );  $m_T$  – құбырөткізгіштің жұмыстық жағдайларының коэффициенті;  $m_T = 0,9$  3-ші және 4-ші категориялық құбырөткізгіштер үшін;  $K_1$  – материал бойынша орнықтылық коэффициенті,  $K_1 = 1,55$ ;  $K_H$  – құбырөткізгіштің диаметріне тәуелді орнықтылық коэффициенті;  $K_H = 1$ ;

$$R_1 = \frac{600 \cdot 0,9}{1,55 \cdot 1} = 348,387 \text{ м},$$

$$\delta = \frac{1,1 \cdot 7 \cdot 720}{2(1,1 \cdot 7 + 348,387)} = 7,78 \text{ м}.$$

Стандарт бойынша ең жақын қабырға қалыңдығын 8мм-деп қабылдап, әсер етуден және жүктемеден түсетін бойлық кернеулердің қосындысын анықтаймыз:

Сақиналық нормативтік кернеу:

$$\sigma_{кц}^H = \frac{P \cdot D_{вн}}{2\delta}, \quad (3)$$

$$\sigma_{кц}^H = \frac{7 \cdot 704}{2 \cdot 7,78} = 316,7 \text{ МПа}.$$

Бойлық нормативтік кернеу:

$$\sigma_{пп}^H = \mu \cdot \sigma_{кц}^H, \quad (4)$$

мұндағы  $\mu$  - т Пуассон коэффициенті, болат үшін  $\mu = 0,3$ .

$$\sigma_{npp}^H = 0,3 \cdot 316,7 = 95 \text{ МПа.}$$

Бойлық есептік кернеулер:

$$\sigma_{np} = n_{np} \cdot \sigma_{npp}^H, \quad (5)$$

$$\sigma_{np} = 1,1 \cdot 95 = 104,5 \text{ МПа.}$$

Температуралық кернеулер:

$$\sigma_{npT} = -\alpha_T \cdot E \cdot \Delta T, \quad (6)$$

мұндағы  $\alpha_T$  - құбыр металының сызықтық ұлғаю коэффициенті;  $\alpha_T = 1,2 \cdot 10^{-5}$  1/град;  $E$  – серпімділік модулі,  $E = 2,1 \cdot 10^5$  МПа;  $\Delta T$  – есептік температура,  $\Delta T = 55^\circ\text{C}$ ;

$$\sigma_{npT} = 1,2 \cdot 10^{-5} \cdot 2,1 \cdot 10^5 \cdot 55 = -138,6 \text{ МПа.}$$

Қосынды бойлық кернеулер:

$$\sigma_{npN} = \sigma_{npp} + \sigma_{npT}, \quad (7)$$

$$\sigma_{npN} = 104,5 + (-138,6) = -34,1 \text{ МПа.}$$

$\sigma_{npN} < 0$  болғандықтан қабырға қалыңдығын келесі теңдеумен дұрыстаймыз:

$$\delta = \frac{n_p \cdot P \cdot D_n}{2(\psi_1 \cdot R_1 + n_p \cdot P)}, \quad (8)$$

мұндағы  $\Psi_1$  – құбыр металының екі өсті кернелу жағдайын есепке алатын коэффициент;

$$\psi_1 = \sqrt{1 - 0,75 \left( \frac{|\sigma_{np}^N|}{R_1} \right)^2} - 0,5 \cdot \frac{|\sigma_{np}^N|}{R_1}, \quad (9)$$

$$\psi_1 = \sqrt{1 - 0,75 \left( \frac{|-34,1|}{348,387} \right)^2} - 0,5 \cdot \frac{|-34,1|}{348,387} = 0,94746$$

$$\delta = \frac{1,1 \cdot 7 \cdot 720}{2(0,94746 \cdot 348,387 + 1,1 \cdot 7)} = 8,2 \text{ мм}$$

Жүргізілген есепке сәйкес құбырдың қабырға қалыңдығын 8,5мм етіп қалдыруға болады.

## 2.2 Жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған материалдар, жабдықтар және механизмдер

Сыртқы ауаның есептік температурасы әр түрлі аудандарда пайдаланылатын резервуарлар қабырғасының, түп жиектерінің, жабынының жүк түсетін конструкциялары мен қатандық балдақтарының, шатырының ақаулы бөліктерін жөндеу және ауыстыру үшін резервуар көлеміне байланысты резервуардың жобалық құжаттамасына сәйкес келетін болат таңбасын қолдану ұсынылады.

Мұнай сақтау қоймасын жөндеу кезінде пайдаланылатын болат жабдықтардың таңбасы және сапасы қажетті стандарттар мен техникалық талаптарға сай болуы және жеткізуші зауыттардың сертификаттарымен расталуы қажет.

Жөндеу жұмыстарына ВСт2кп, ВСт3пс5-1 сынды тез балқитын жартыай тыныш болаттарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

Пісірме материалдарын таңдауды ҚНМЕ II ұсыныстарына негіздеп орындаған ұтымды. Резервуарды қолмен доғалап пісіру үшін электродтардың келесідей таңбаларын пайдаланған дұрыс[4]:

УОНИ 13/45 таңбалы Э42А типтес және т.б.;

Э-138/45Н таңбалы Э46А типтес және т.б.;

ОЗС-24, УОНИ 13/55, ОК 48.04, ОК 53.70, Феникс, Гарант таңбалы Э50А типтес.

Пісірме қосылыстың металдың негізгі қасиеттеріне сәйкес келетін басқа пісірме материалдарын толығымен рұқсат беріледі.

Пісірме материалдар өндіруші зауыттың жеке сертификаты болуы тиіс және материалдар сұрыпталған күйде +15°C-тан жоғары температурада жылытылатын аймақта сақталуы керек. Бұл жағдайда материалдарды VI МЕСТ 6996 сйкес үлгілерде төменгі ауа температурасында соққымен майыстыруға сынамалар жүргізіле отырып, сапасына тексеріс өткізу керек. Пісіру үшін төменгі температураға төзімділігі жоғары электродтар партиясын пайдалану қажет.

Пісіру жұмыстарын орындамастан бұрын электродтарды қажетті режим негізінде қыздыру керек. Электродтарды екі реттен артық қыздыруға болмайды.

Жұмыс орнында электродтарды ылғалданбайтын орында нығыз бекітілетін ыдыста сақтау керек.

Пісірме сымын пайдалану үшін алдымен оны ластанудан, тотығудан, технологиялық және тоқтатып қоюдағы майлаудың іздерінен арылу қажет.

Қолданылмастан бұрын флюс пештерде қыздырылып, шаңнан тазарту үшін еленуі тиіс. АН-47 және АН-348А флюстерін 300...400° С температурада 120 минут қыздырылғаны ұтымды.

Көмірқышқыл газ арқылы жұмыс жасау үшін МЕСТ 8050 [4] бойынша тазалығы 99,5 % болатын көмірқышқылды қолдануға қарсылық жоқ.

Пісіру жұмысын бастамас бұрын баллондағы ауаны 5-8 с бойы азғана газ көлемін жіберген дұрыс.

Күрделі жөндеу жұмысын орындағанда мына жабдықтар, құралдар қолданады:

- жүккөтергіш механизмдер (жүкшығырлар, крандар, домкраттар, тельферлер);

- такелажды жабдықтар мен әбзелдер;

- биіктікте жұмыс істеуге арналған құрылғылар мен айлабұйымдар (мұқаммалдық құрылыс ағаштары, төсеме тақталар, сұйыққойма шатырында іленетін және бекітілетін тік ағаштар, бесікшелер, тасымал сатылар және т.б.);

- металды, пісірме қосылыстарды кесуге арналған жабдықтар мен құрал-саймандар;

- пісірме жұмыстарын жүргізуге арналған жабдықтар мен құрал-саймандар (қолмен электрдоғалық пісіру, жартылай автоматтармен пісіру және т.б.);

- сұйыққоймаларды шөгінділерден тазарту, негіздер мен іргетастарды бекіту мен нығыздау бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған құрылыс жабдықтары;

- қосалқы жинақтау айлабұйымдары және құрал-саймандары (сыналар, қапсырмалар, арқандар, тартпалар, талрептер, балғалар, шойын балталар және т.б.);

- материалдар (швелерлер, бұрыштықтар, таврлы және екі таврлы арқалықтар және басқа түржиындық болат);

- беріктік пен саңылаусыздыққа сынақ жүргізуге арналған айлабұйымдар мен аспаптар (вакуум камералар, сораптар, манометрлер);

- өлшеу құралы (рулеткалар, штангенциркульдер, кронциркульдер, пісіруші қимаулігілері және басқа);

- жеке қорғаныс құралдары және арнайы киім (жинақтаулық каскалар, сақтық белбеулері және т.б.)[4].

Кесуге, пісіруге арналған әбзелдері, электр-жабдықтары жұмысқа дайын болуға, жұмыс басталмас бұрын қайта тексеру, солсияқты

сұйыққоймалық парктерді қолдану барысында электрлік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасының, ЭҚОЕ [4] негіздемелері орындалған жөн.

Сызықтық, көлемдік, салмақтық, электрлік және сол сияқты шамаларды қарастыру барысында пайдаланылатын өлшеу құрал-саймандары мен аспаптарын метрологиялық аттестаттаудан өтуге міндетті.

Табақтың металл дайындамаларын кесу, жиектерді пісірумен бөлу механикалық тәсілмен немесе газбен кесумен орындалуға тиіс. Табақты даналаған электродтармен электродоғалық кесуге жол берілмейді. Газбен кесуден қалған металл жиектері қылаудан, шашырмалардан, отқабыршақтан, шорлардан металл жарқылына дейін тазартылуға және биіктігі 1 мм-ден асатын кедір-бұдыры, тілігі болмауға тиіс[5].

### **2.3 Сұйыққоймаларды жөндеу кезінде пісірме жұмыстарын орындау**

Сұйыққойманы пісіру ҚНМЕ 3.03.01 [11], ВҚН 311 [4] талаптарына сәйкес жасалған жұмыстарды жүргізу жобасы бойынша орындалуға тиіс.

Қолмен пісіруге, сондай-ақ ұстатқыштарды орнатуға разряды 5-тен төмен емес (көлемі 5000 м<sup>3</sup>-ге дейінгі, сұйыққоймалар) және 6-дан төмен емес (көлемі 5000 м<sup>3</sup>-ден кем емес сұйыққоймалар), жауапты пісірме жұмысын жүргізу осы саладағы үлкен тәжірибелі мамандарға тапсырылады.

Сұйыққоймаларды жөндеу жұмысында механикалық доғалық пісіруді пайдаланған дұрыс. Автоматтармен немесе жартылай автоматтармен пісіру сұйыққоймаларды жөндеу кезінде тек түптерін, терең жіктерді, металл понтонды және металл понтонның орталық бөлігін МЕСТ 8713 [4] және МЕСТ 14771 [4] талаптарына сәйкес қосатын жіктерін пісіру кезінде ғана пайдалануға болады.

Механикаландырылған пісірмені флюспен, қорғаныш газдарымен және ұнтақты сыммен пайдалану дұрыс деп табылады.

Сұйыққоймаларды жөндеу уақытында пайдалануға ұсынылатын пісірме материалдардың таңбалары 2.1-кестеде келтірілген.

Сұйыққоймаларды жөндеу үшін газбен пісіруді пайдалануға болмайды.

Жабынды негізгі және рутил типтегі электродтармен пісіруді кері полярлылықтың тұрақты тоғында (электродта плюс) орындаған жөн. Пісіруді қысқа доғамен тазартылған жиектер бойынша жүргізу керек[12].

Негізгі қабаттарды пісіруге диаметрі 3,5мм-ден жоғары болмайтын, ал толтырғыш және қаптағыш қабаттарды пісіргенде - диаметрі 4 мм-ден артық болматын электродтарды пайдаланған жөн.

### **2.1-Кесте - Сұйыққоймаларды жөндеу кезінде қолданылатын пісіру материалдарының таңбалары**

Болат Таңбасы	Флюспен пісіру	Көмірқышқыл газда немесе аргонмен қоспада пісіру		Қолмен доғалық Пісіру
	флюс	пісіру сымы		электродтар типі
ВСтЗсп	АН-348А	Св-08А Св-08ГА	Св-08Г2С	Э42А Э46А
09Г2С 16Г2АФ	АН-47 АН-348А*	Св-10НМА Св-10Г2 Св-08ГА Св-10ГА		Э50А
* АН-348А флюсын қолдану жік металының механикалық қасиеттеріне қосымша бақылау жүргізуді талап етеді				

Сұйыққоймаларды жөндеу және кемшіліктерден тазарту барысында пісіруді қалыпты ауа температурасы теріс 10° С-тан кем болмайтын жағдайда жұмыс жасау дұрыс.

Минус температуралар уақытында металл конструкцияларды пісіруді келесідей жағдайларда жұмыс жасау керек:

-09Г2С-12 болаттан жасалған сұйыққойманың металл конструкциясын пісіру теріс 20°С-тан төмен болмайтын ауа температурасында 166 мм-ге дейінгі қалыңдықтар үшін алдын ала қыздырусыз жүргізілуге тиіс. Төменірек температурада пісіру алдын ала 120... 160 °С температураға дейін қыздырумен жүргізілуге тиіс[5];

-металды алдын ала қыздыруды пісіру аймағында қыздырылатын учаске ұзындығы 800-1000 мм-дан аспайтын жағдайда, түйістен немесе қосылыстан екі жаққа қарай 100 мм кеңдікте жүргізу керек[5];

-пісіру режимдерін пісіру тоғын 15...20 %-ға ұлғайтумен белгілеу керек[5];

-жинақтау түйістерін пісіруді үзіліссіз жүргізу керек.

- 20 °С-тан төмен температурада жинақтаулық бұйымдарды қосып пісіру мен кесуді металды 120...160 ° С-қа дейін қыздыра отырып 100-150 мм радиуста орындау керек[9];

Жөнделетін табактар мен баска да конструктивті бөлшектердің жиектерін пісіру арқылы құрастыру, қиыстыру және бөлу сұйыққойманың конструкциясына байланысты МЕСТ 5264 [4], МЕСТ 8713 [4] және МЕСТ 14771 [4] талаптарына сәйкес орындалады[9].

Ұстатқыштың пісірме жігінің катеті 6 мм-ден, ұзындығы 50-60 мм-ден төмен болуы керек. Ұстатқыштардың ара-қашықтығы – 400-500 мм.

Пісіру жігінің ақаулы учаскелерін алып тастау кезінде түйісетін бөлшектер арасында стандартпен реттелетін саңылауларды қамтамасыз ету



әркез мүмкін бола бермейтінін ескере отырып, пісірме қосылыстар үшін жік енін 25 %-ға ұлғайтуға жол беріледі.

Сұйыққоймаларды жөндеу кезінде түйіс жіктерді қолмен пісіруді керібасқышты тәсілмен орындау керек. Басқыш ұзындығы 200-250 мм-ден аспауға тиіс.

Негізгі жікті пісіруді металл қалыңдығына байланысты бірнеше қабат етіп орындайды (2.2-кесте).

Әрбір қабатты пісіріп болғаннан кейін жік бетін металл қожы бен шашырандысынан тазартады. Кеуекті, қаяулы және сызатты жік қабаттарының учаскелері алынып тасталуға және жабылып пісірілуге тиіс.

## **2.2-Кесте-Көпөтпелі пісіру кезіндегі металл қалыңдығына байланысты болатын қабаттар саны**

Табақтар қалыңдығы, мм	4-5	6-7	8-9	10-12	12-14
Қабаттар саны	1	2	2-3	3-4	3-4

Төмен легирленген болаттарды пісіру кезінде әр бөліктің ұзындығы 350 мм-ден аспауға тиіс. Әуелі ішкі жікті, сосын сыртқы жікті пісіреді.

Сұйыққойманың ақаулы жерлерін жөндеу және жою кезінде орындалатын пісірме жұмыстары аяқталған соң барлық қосымша құрастыру айлабұйымдары мен оларды бекіткен жіктердің қалдықтары алынып тасталып, пісірме қосылыстар мен пісірме орындары металл қожынан, шашырандысынан, ағылмасынан тазартылуға және, қажетіне қарай, боялуға тиіс.

## **2.4 Резервуарда “Үлкен тыныс алу” жағдайында болатын мұнайдың жоғалуын есептеу**

Есептің мақсаты мұнайды құю және айдау жұмысы кезінде мұнай қоймасынан мұнайдың жоғалуын, сондай-ақ газды-теңестіріу жүйесін орындаудың тиімділігін анықтау.

Есептеулер сипатталған әдістеме бойынша орындалады.

Кіші тыныс алу жағдайынан болатын мұнайдың шығыны аз болғандықтан шығынды ескермеуге болады.

Резервуарға бір мұнай құю кезінде болатын үлкен тыныс алу шығындарын есептеуге керекті мәліметтерге мыналар жатады:

Сақаталатын Қарақойын мұнайы;

Резервуар ТРБ 5000 м<sup>3</sup>;

Резервуардың диаметрі,

$D = 22,8\text{ м}$

Резервуардың цилиндрлік бөлігінің биіктігі,

$H = 11,92\text{ м}$ .

Төбесінің биіктігі

$h_{кр} = 1,16\text{ м}$

Резервуар НДКМ-250 тыныс алу клапандарымен жабдықталған.

Вакум клапанының қысымы:  $P_{к.в.} = 245\text{ Па}$ ;

Қысым клапанының қысымы:  $P_{к.д} = 1962$  Па;  
 Резервуардағы цилиндр шегіндегі газдық кеңістіктің биіктігі  $H_1 = 0,5$  м;  
 Төгуден кейін  $H_2 = 10,92$  м;  
 Тұру уақыты  $\tau_{тп} = 32$  сағ;  
 Атмосфералық қысым  $P_a = 101320$  Па;  
 Газ фактор немесе газдың мөлшері  $\Gamma = 0,2$  м<sup>3</sup>/м<sup>3</sup>;  
 Резервуарға айдалатын мұнайдың температурасы  $t_H = 46^{\circ}\text{C}$   
 Қайнау басының температурасы  $t_{н.р.} = 50^{\circ}\text{C}$   
 Айдау және төгу өнімділігі  $q_3 = q_B = 900$  м<sup>3</sup>/ч  $\Rightarrow 0,347$  м<sup>3</sup>/с

1) Айдалатын мұнайдың көлемін табамыз:

$$V_3 = \frac{\pi d^2}{4} (H_2 - H_1) = \frac{3,14 \cdot 22,8^2}{4} (10,92 - 0,5) = 4252,135 \text{ м}^3.$$

2) Резервуарды бір рет толтырғанда ұшып шығатын бу-ауалық қоспа көлемі:

$$V_{II} = V_3 \cdot 2,105 \left( \frac{t_H}{t_{н.р.}} \right)^{1,061} \cdot (1 + \Gamma)^{1,789}, \quad (24)$$

$$V_{II} = 4252,135 \cdot 2,105 \left( \frac{46}{50} \right)^{1,065} \cdot (1 + 0,2)^{1,789} = 11352,546 \text{ м}^3.$$

3) Толтыру алдындағы газ кеңістігінің көлемі:

$$V_{2ггс} = \frac{\pi d^2}{4} \cdot H_2 + \frac{\pi h_{rh}^2}{6} (h_{rh}^2 + 3R^2), \quad (25)$$

$$V_{2ггс} = \frac{3,14 \cdot 22,8^2}{4} \cdot 10,92 + \frac{3,14 \cdot 1,16^2}{6} \cdot (1,16^2 + 3 \cdot 11,4^2) = 4731,67 \text{ м}^3.$$

4) Толтыру соңындағы газ кеңістігіндегі абсолюттік қысым:

$$P_{2нг} = P_a + P_{кд} = 101320 + 1962 = 103282 \text{ Па.}$$

5) Күндізгі айдау кезінде толтыруға дейінгі газ кеңістігіндегі абсолюттік қысым:

$$P_{Iг} = P_a = 101320 \text{ Па.}$$

6) Кіретін ауаның жылдамдығын анықтаймыз:

$$V_B = \frac{4q_{\epsilon}}{k \cdot \pi \cdot d_n^2}, \quad (26)$$

$$V_B = \frac{4 \cdot 0,25}{2 \cdot 3,14 \cdot 0,25^2} = 2,55 \text{ м.}$$

7) Мұнайды резервуарға құю кезіндегі резервуар ішіндегі газ кеңістігінде орташа салыстырмалы концентрацияның өсуі құбырлардан кіретін ауа жылдамдығына тәуелді графикті бойынша анықталады.

